

Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және асырап алуға жататын балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 388 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 312 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 312 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 117-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және асырап алуға жататын балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 3 0 н а у р ы з д а ғ ы
№ 388 қаулысымен бекітілген

Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және асырап алуға жататын балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы

1. Осы Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және асырап алуға жататын балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидалары «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 117-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленген және оларды отбасына тәрбиелеуге беру мақсатында жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және асырап алуға жататын балаларды (бұдан әрі – жетім балалар мен ата-анасының

қамқорлығынсыз қалған балалар) есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу тәртібін белгілейді.

2. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды толық және жан-жақты есепке алу үшін бастапқы, өңірлік және орталықтандырылған есепке алу жүргізіледі.

3. Ата-аналардың қайтыс болуына, ата-ана құқықтарының айрылуына, ата-ана құқықтарының шектелуіне, әрекетке қабілетсіз деп тануға, ата-аналардың сырқаттануына, ата-аналардың ұзақ мерзімде болмауына, ата-аналардың баланы тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқорлығы болмауының өзге жағдайларында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерге ие жеке және заңды тұлғалар балалардың нақты тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға олар туралы дереу хабарлайды.

4. Медициналық ұйымдардың лауазымды тұлғалары жаңа туылған нәресте қалдырылған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде мекеменің орналасқан жері бойынша ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, астананың қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органды бұл туралы хабардар етуге міндетті.

2. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және асырап алуға жататын балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу тәртібі

5. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды бастапқы есепке алуды және оларды отбасына тәрбиелеуге (қорғаншылық немесе қамқоршылық, патронаттық тәрбие, бала асырап алу) беру немесе барлық үлгідегі ұйымдарға (білім беру, медициналық және өзге де) орналастыру үшін қажетті құжаттар дайындауды ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, астананың қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органы жүзеге асырады.

6. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтаған кезде ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, астананың қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органы бұл балаларды бастапқы есепке алуды және олар туралы мәліметтерді жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алу журналында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тіркейді.

7. Егер жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар бастапқы есепке қойылған күннен бастап бір ай өткен соң нақты орналасқан жері

бойынша отбасына тәрбиелеуге орналастырылмаса, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, астананың қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органы оларға сауалнамаларды осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес толтырады және жеті жұмыс күні ішінде өңірлік есепке қою және баланы кейін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасында тәрбиелеуге орналастыруға жәрдем көрсету үшін облыстың білім беруді басқару органына тапсырады.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың сауалнамаларына ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, астананың қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органының маманы қол қояды.

Сауалнамалардың көшірмелері және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мәртебесін растайтын құжаттар ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, астананың қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органында, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда тәрбиелетін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жеке істерінде сақталады.

8. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өңірлік есепке алуды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органы жүзеге асырады.

9. Ата-аналары ата-ана құқықтарынан айрылған балалар туралы мәліметтер ата-ана құқықтарынан айыру туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап алты ай өткен соң өңірлік есепке қою үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органына тапсырылады.

10. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органында белгіленген тәртіппен ресімделген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар сауалнамасының тіркелген күні жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өңірлік есепке қою күні болып саналады.

11. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органы мәліметтерді алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өңірлік есепке алу журналына тиісті жазбаларды енгізу арқылы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өңірлік есепке

қ о я д ы .

12. Егер жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар өңірлік есепке қойылған күнінен бастап отбасына тәрбиелеуге (қорғаншылық (қамқоршылық), патронат, бала асырап алу) орналастырылмаса, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органы жеті жұмыс күні ішінде асырап алуға жататын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың сауалнамаларын және құжаттарды Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органына (бұдан әрі – уәкілетті орган) орталықтандырылған есепке қою үшін ж і б е р е д і .

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке қоюға қажетті құжаттардың тізбесін уәкілетті орган б е к і т е д і .

13. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар сауалнамаларының уәкілетті органда оған қатысты құжаттарды қоса отырып тіркелген күні жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке қою күні болып саналады.

14. Уәкілетті орган жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке олар туралы тиісті мәліметтерді осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес электрондық базаға енгізу арқылы қояды.

15. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың орталықтандырылған есепке алынуын қалыптастыруға және пайдалануға қ о й ы л а т ы н м і н д е т т і т а л а п т а р :

1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы м ә л і м е т т е р д і ж и н а у ;

2) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді тек қана жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың м ү д д е л е р і ү ш і н п а й д а л а н у ;

3) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы ақпараттың т о л ы қ т ы ғ ы ж әне ш ы н а й ы л ы ғ ы ;

4) ақпаратты жария болудан, ұрлатудан, жоғалтудан, жасанды көшірмеден және б ұ р м а л а у д а н қ о р ғ а у б о л ы п т а б ы л а д ы .

16. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органы жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мәртебесі өзгерген кезде (ата-аналардың ата-ана құқықтарынан айрылуы, ата-аналардың хабарсыз кетті деп танылуы және басқа), оларды жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған бір ұйымнан басқасына ауыстырған,

№	Есепке қойылған күн	Баланың Т.А.Ә.	Туған күні	дейінгі бала болса, балабақшаның № көрсетілсін	Есепке қойылған себебі	Мәліметтер кім нен түсті	болмау себебі мен оны растайтын құжаттың түрі, оның № және күні)	Баланың бұрынғы тұрған мекенжайы	Бала қайда орналастырылды	орнесті кұжәтүі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және асырап алуға жататын балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларына

2-қосымша

Фотосуреті
3x4

Баланың сауалнамасы

Сауалнама толтырылған күн _____

Бастапқы есепке қойылған күн және №

Баланың Т.А.Ә. _____

Туу туралы куәлік нөмірі _____ сериясы _____ Берілген күні _____

Туған күні _____

Ұлты _____

Баланың әлеуметтік мәртебесі, асты сызылсын (жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған)

Өңірлік есепке қойылған күн және № _____

Әкімнің балалар мекемесіне орналастыру туралы шешімінің күні, № (әкімдіктің атауы көрсетілсін) _____

Баланы орналастырудың хронологиясы _____

(қашан, қайдан келді (отбасы, перзентхана, аурухана)

Қай мектепте, сыныпта және қалай оқыды (үздік, жақсы, орта - асты сызылсын)

Бос уақытта бала немен айналысқанды ұнатады (хоббиі, әуестенулері, қабілеті, қоғамдық өзіндік қызметке, спорттық жарыстарға, үйірмелерге қатысуы)

Бала денсаулығының жағдайы (мекемеге түскен сәтінде, толық)

Ата-ана туралы мәліметтер:

анасы (Т.А.Ә., туған күні) _____

Анасы туралы мәліметтер (тіркелген, тұратын мекенжайы, айналысатын жұмысының түрі, баласына бара ма. Егер бала некеден тыс туылса, белгі жасалсын. Болмау себептері: қайтыс болуы, ата-ана құқықтарынан айырылуы, сотталуы және т.б.)

әкесі (Т.А.Ә., туған күні) _____

Әкесі туралы мәліметтер (тіркелген, тұратын мекенжайы, айналысатын жұмысының түрі, баласына бара ма. Егер бала некеден тыс туылса, белгі жасалсын. Болмау себептері: 4-Н, қайтыс болуы, ата-ана құқықтарынан айырылуы, сотталуы және т.б.)

Баланың аға-інілері, апа-сіңлілері

(туған күні, тегі, аты, әкесінің аты, орналасқан жері, үй, ұялы, жұмыс телефондары кодымен)

Баланың жақын туысқандары (аталары, әжелері, көкелері, тәтелері)

(туған күні, тегі, аты, әкесінің аты, орналасқан жері, үй, ұялы, жұмыс телефондары кодымен)

Олар бала орналасқан мекеменің әкімшілігімен байланыс орната ма

Қосымша мәліметтер _____

(Баланың ақыл-ой және дене дамуының сипаттамасы, жас ерекшелік дамуы (жасына сәйкес келе ме)

Қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына тәрбиелеуге орналастыру бойынша қабылдаған шаралары туралы
а қ п а р а т

Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, астананың қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын

органы маманының қолы

Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және асырап алуға жататын балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы

АИТВ жұқтырған	Туберкулез жұқтырған	Сифилис және өзге де венерологиялық аурулар	Жүрек-қан тамыр жүйесінің аурулары	С гепатиті	Балалардың церебральді сал ауруы	Даун синдромы	Туа біткен көптеген кемшіліктер	Жүйке жүйесінің аурулары	Көз ауруы
----------------	----------------------	---	------------------------------------	------------	----------------------------------	---------------	---------------------------------	--------------------------	-----------

кестенің жалғасы

Әкімдіктің баланы мекемеге орналастыру туралы қаулысының күні және №	Ата-аналары, аға-інілері, апа-сіңлілері және басқа туысқандары туралы мәлімет			Бастапқы есепке қойылған күн және №	Өңірлік есепке қойылған күн және №	Орталықтандырылған есепке қойылған күн	Асыра ұсыны
	Ата-аналарының Т.А.Ә., туған күні, тұрғылықты жері (мекенжайы, тел. кодымен, жұмыс орны)	Аға-інілерінің және апа сінлірерінің Т.А.Ә., туған күні, тұрғылықты жері (мекенжайы, тел. кодымен, жұмыс орны)	Ж а қ ы н туысқандарының Т.А.Ә., туған күні, тұрғылықты жері (мекенжайы, тел. кодымен, жұмыс орны)				

кестенің жалғасы

Орталықтандырылған есептен шығару себебі							
Есептен шығару күні	Қ Р азаматтары асырап алды (Т.А.Ә., ұялы, жұмыс тел. кодымен, жұмыс орны)	Шетелдік азаматтар асырап алды (Т.А.Ә., ұялы, жұмыс тел. кодымен, жұмыс орны)	Қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) орналастырылды (Т.А.Ә., ұялы, жұмыс тел. кодымен, жұмыс орны)	Патронаттық тәрбиеге орналастырылды (Т.А.Ә., ұялы, жұмыс тел. кодымен, жұмыс орны)	Жасы бойынша	Қайтыс болуы (қайтыс болу туралы куәліктің күні және №)	(Ата-аналарына қайтару (Т.А.Ә., ұялы, жұмыс тел. кодымен, жұмыс орны)